

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТЫНДА

2025 жылғы 12 маусым

№ AIFC-C/CFI/2025/0020 ic

(1) ТЕТИС ПЕТРОЛЕУМ ЛИМИТЕД

(2) «ТЕТИСАРАЛГАЗ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Талап қоюшы

қарсы

(1) «СПЕЦИАЛЬНАЯ ФИНАНСОВАЯ КОМПАНИЯ DSFK (ДСФК)» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

(2) ОЛИСОЛ ПЕТРОЛУЕМ ЛИМИТЕД

Жауапкерлер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 30 мамырдағы талап арыз нысанына сәйкес, Талап қоюшы 2025 жылғы 30 мамырдағы төрелік шешімнің 145-тармағында көрсетілген шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру жөнінде Сотқа өтінішпен жүгінген. Бұл шешім 2025 жылғы 13 мамырдағы Томас Крюммельдың хаты негізінде тағайындалған біржақты төреші Галина Жукова ханым қабылдаған, Астана халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығындағы ХТО №192/2023 төрелік ісі бойынша шығарылған.
2. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:

...
 - (ii) 2019 жылғы 24 желтоқсандағы БЕЛГІЛЕНГЕН ШАРТ ЖӘНЕ БАС ТARTУ «СПЕЦИАЛЬНАЯ ФИНАНСОВАЯ КОМПАНИЯ DSFK (ДСФК)» ЖШС мен ОЛИСОЛ ПЕТРОЛУЕМ ЛИМИТЕД тарапынан бас тарту нәтижесінде Тараптар үшін міндетті күшін жоғалтты деп жарияланады;
 - (iii) «СПЕЦИАЛЬНАЯ ФИНАНСОВАЯ КОМПАНИЯ DSFK (ДСФК)» ЖШС ТЕТИС ПЕТРОЛЕУМ ЛИМИТЕД және «ТЕТИСАРАЛГАЗ» ЖШС-не жалпы сомасы 1 434 692 762 теңге төлеуге міндетті;
 - (iv) ОЛИСОЛ ПЕТРОЛУЕМ ЛИМИТЕД компаниясы өзіне тиесілі ТЕТИС ПЕТРОЛЕУМ ЛИМИТЕД компаниясының GS.44 және GS.43 акцияларына қатысты акция сертификаттарын жоюға міндетті;
 - (v) «СПЕЦИАЛЬНАЯ ФИНАНСОВАЯ КОМПАНИЯ DSFK (ДСФК)» ЖШС және ОЛИСОЛ ПЕТРОЛУЕМ ЛИМИТЕД бірлесіп және әрқайсысы жеке-жеке ТЕТИС ПЕТРОЛЕУМ ЛИМИТЕД және «ТЕТИСАРАЛГАЗ» ЖШС-не арбитраждық және сот шығындарын өтеу ретінде жалпы сомасы 50 000,00 еуро және 50 000 000,00 теңге төлеуге міндетті.
...
3. Жауапкерге осы Бұйрық табыс етілген күннен бастап жеті күн ішінде оны жою туралы өтініш беру құқығы беріледі.
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер ұсынған өтініш толық қаралып, ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса), орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО Соты



Өкілдік:

Талап қоюшылар атынан Қазақстан Республикасы, Алматы қаласындағы Baker McKenzie Kazakhstan B.V. компаниясының заңгері Алиса Иншакова ханым өкілдік етті.

Жауапкер өкілдік етілмеді.